

Оксфордтың әлеуметтік ғылымдар, экономика сөздіктері алғаш рет қазақ тіліне аударылып басылды. Сондай-ақ 9000 сөзден тұратын «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» жарыққа шықты.



1) «Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі»  
Құрастырған: К. Калхун

«Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі» – антропология, әлеуметтану, мәдениеттану, психология, саясаттану, филология, философия және экономика салаларының 1500-ден аса терминін топтастырған, казак тіліне бұрын-соңды аударылмаған еңбек. Әлеуметтік ғылымдардағы негізгі теорияларға, концепцияларға, ғылыми әдістер мен өзге де құбылыстарға қысқа әрі нақты анықтама беріледі. Ғылым салаларындағы негізгі ғылымдар мен заңдылықтар, үрдістер мен жаңалықтар түрлі көзқарас тұрғысынан сараланады.

Мұнда терминологиямен қоса, Франц Боастан бастап, Джон Мейнард Кейнс, Макс Вебер секілді әлеуметтік ғылымдарға серпіліс әкелген 300-ге жуық ғалымның өмірбаяны мен ғылымдағы жаңалықтары кенінен қамтылған. Сөздік гуманитарлық сала мамандары мен студенттерге, әлеуметтік ғылымдарға қызығатын қауымға арналған.

Сөздік редакциясын басқарған және ғылыми редакторы: [Мұхтар Сенгірбай \(Mukhtar Senggirbay\)](#)

Аудармашылар: М. Жолшаева, Анар Қуанышбекова, [Динара Мазен](#), [Nurlan Muminov](#)

Ғылыми редактор: Әсет Құранбек

Әдеби редактор: [Жұлдыз Әбділда](#)

Редакторлары: [Дәурен Дариябек \(Dauren Dariyabek\)](#), Бану Даулетбаева, Даурен Мухамадиев (Дәурен Мұхамадиев), [Асылтай Тасболат \(Assyltay Tasbolat\)](#)

2) «Оксфорд экономика сөздігі»

Авторлары: Блэк Джон, Хашимзаде Нигар, Майлз Гарет

«Оксфорд экономика сөздігінде» дүниежүзіндегі экономика жағдайы, экономикалық белсенділік, елдер арасындағы экономикалық қатынас негіздері, банк ісі, әлеуметтік қамсыздандыру теориясы, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, ақша, несие және басқа да негізгі түсініктермен қатар, ойын теориясы және эконометрика тұжырымдары қамтылған.

Сөздік экономика, гуманитарлық, техникалық және жаратылыстану мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттерге, экономика тақырыбында жазатын медиа мамандарына, зерттеушілерге және көпшілік оқырманға арналған.

Сөздік редакциясын басқарған және әдеби редакторы: [Назгул Кожабек \(Nazgul Kozhabekova\)](#)

Аудармашылар: Айбол Аргынгазиев, Жасулан Кушебаев, А.Оміртай

Гылыми редактор: Ө.Калиева

Редакторлары: [Оралай Алейдарова](#) , [Риза Түрдакынқызы \(Риза Исаева\)](#) , Акбота Исламбекова,  
[Akniyet Ospanbay](#)

3) «Қазак тілінің кірме сөздер сөздігі»

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының жетекшілігімен «Қазак тілінің кірме сөздер сөздігі» жасалды.

Бұл сөздікке қазак тіліне шет тілдерден енген 9 мыңға жуық сөз енді. Жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен кен тараған терминдер алынып, олардың мағынасы түсіндірілді және шығу тегі көрсетілді. Ұсынылып отырған сөздік – қазак тіліне латын, грек, ағылшын, француз, араб, парсы, испан, неміс, орыс, итальян, қытай, монгол, португал және өзге де тілдерден әр кезеңде енген кірме сөздерді барынша кен қамтып отырған алғашқы көлемді еңбек.

Сөздік мектеп оқушылары мен студенттерге, түрлі сала мамандарына, жалпы көпшілікке арналған.

Құрастырғандар: С.Исақова, Бағлан Мизамхан, Г.Әлімбек, Г.Мамырбекова, Д.Боранбаев